

Г.А. Қуналиева^{1*} , Г.К. Шуланбекова¹ ,
Г.Н. Рахимова² , М.Н. Абишева¹ 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kuanalieva.guldanakz@mail.ru

ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада қылмыстық құқықтың жалпы бөлігіндегі негізгі, жаңа институт – қылмыстық құқық бұзушылық, оның белгілері мен түрлері қазіргі қылмыстық заңнамаға сәйкес және шетелдің сот-тергеу тәжірибесіне салыстырмалы талдау жасай отырып зерттелген. Соның ішінде сот-тергеу тәжірибесінде аса қиындықтар тудыратын қылмыстық теріс қылықтарды қылмыстан және әкімшілік құқық бұзушылықтардан ажырату мәселесі зерттелген. Қылмыстық теріс қылықтардың жаңа анықтамасын ұсыну, сонымен қатар, қылмыстық құқық бұзушылық анықтамасын заңдастыруға қатысты көзқарастар келтіріледі.

Зерттеудің мақсаты қылмыстық теріс қылықтың ерекшеліктерін қазіргі қылмыстық заңнамаға сәйкес және шетелдің сот тәжірибесін қолдана отырып талдау.

Зерттеу идеясы: қылмыстық заңнаманың ұлттық моделі еуропалық модельге жақын болуы керек, бірақ оның көшірмесі болмауы керек.

Жұмыстың ғылыми маңыздылығы: қылмыстық заңның қазақстандық моделін еуропалық модельге заңды бейімдеу үшін ғылыми алғышарттарды қалыптастыру.

Практикалық маңыздылығы: ҚР қолданыстағы ҚК-не өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін ұсыныстар тұжырымдау.

Зерттеу әдістемесі: құқықтық нормаларды логикалық-құқықтық талдау, компаративистика, құқықтық феноменді құқықтық құбылыстарға айналдыру процестеріне диалектикалық көзқарас әдістерінің жиынтығы.

Жүргізілген зерттеудің құндылығы: қылмыстық құқық саласындағы проблемаларды зерттеу әдіснамасындағы жекелеген олқылықтардың орнын толтыру.

Түйін сөздер: қылмыстық заң, қылмыстық құқық бұзушылық, қылмыс, қылмыстық теріс қылық, қоғамға қауіптілік, құқыққа қайшылық, кінәлілік, жазаланушылық, қылмыстық жауаптылық.

G.A. Kuanaliyeva^{1*}, G.K. Shulanbekova¹, G.N. Rakhimova², M.N. Abisheva¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kuanalieva.guldanakz@mail.ru

Features of criminal misdemeanor and crime

The article examines the main, new institution of the general part of criminal law – a criminal offense, its signs and types in accordance with the current criminal legislation and a comparative analysis of foreign judicial and investigative practice. In particular, the issue of distinguishing criminal offenses, representing the greatest complexity in judicial and investigative practice, from crimes and administrative offenses is investigated. Attempts are being made to form a new definition of the concept of a criminal offense. In addition, recommendations are made regarding the legislative consolidation of the definition of a criminal offense. The purpose of the study is to analyze the features of criminal misconduct in accordance with modern criminal legislation and using foreign judicial practice.

The idea of the study: the national model of criminal legislation should be close to the European one, but not be a copy of it.

Scientific significance of the work: the formation of scientific prerequisites for the legal adaptation of the Kazakh model of criminal law to the European one.

Practical significance: development of proposals for amendments and additions to the current Criminal Code of the Republic of Kazakhstan.

Research methodology: logical and legal analysis of legal norms, comparative studies, a set of methods of dialectical approach to the processes of transformation of a legal phenomenon into legal phenomena.

The value of the research: filling in some gaps in the methodology of research of problems in the field of criminal law.

Key words: criminal law, criminal offense, crime, criminal offense, public danger, illegality, guilt, punishability, criminal liability.

Г.А. Қуаналиева^{1*}, Г.К. Шуланбекова¹, Г.Н. Рахимова², М.Н. Абишева¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный педагогический университета имени Абая, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: kuanalieva.guldanakz@mail.ru

Особенности уголовного проступка и преступления

В статье исследуется основной, новый институт общей части уголовного права – уголовное правонарушение, его признаки и виды в соответствии с действующим уголовным законодательством и с сравнительным анализом зарубежной судебно-следственной практики. В том числе исследован вопрос разграничения уголовных проступков, представляющих наибольшую сложность в судебно-следственной практике, от преступлений и административных правонарушений. Предпринимаются попытки сформировать новое определение понятия уголовного правонарушения. Кроме того, даются рекомендации относительно законодательного закрепления определения уголовного правонарушения. Целью исследования является анализ особенностей уголовного проступка в соответствии с современным уголовным законодательством и с использованием зарубежной судебной практики.

Идея исследования: национальная модель уголовного законодательства должна быть близка к европейской, но не быть ее копией.

Научная значимость работы: формирование научных предпосылок для правовой адаптации казахстанской модели уголовного права к европейской.

Практическая значимость: выработка предложений для внесения изменений и дополнений в действующие УК РК.

Методика исследования: логико-правовой анализ правовых норм, компаративистика, совокупность методов диалектического подхода к процессам превращения правового феномена в правовые явления.

Ценность проведенного исследования: восполнение отдельных пробелов в методологии исследования проблем в области уголовного права.

Ключевые слова: уголовный закон, уголовное правонарушение, преступление, уголовный проступок, общественная опасность, противоправность, виновность, наказуемость уголовная ответственность.

Кіріспе

Мақаланың өзектілігі Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасына негізделді: «Мемлекеттің қылмысқа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты құқықтық саясаттың маңызды бағыты болып табылады. Қазіргі заманғы қылмыстық-құқықтық саясат адамның, оның құқықтары мен бостандықтарының, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің қылмыстық қатерден қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған тетіктерді тұжырымдау маңызды.

Қылмыстық заңнаманың мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай мәселелерді шешу: адам құқықтары саласындағы халықаралық-құқықтық

стандарттардың талаптарын, қылмысқа қарсы іс-қимылды және ұлттық құқықтық жүйенің ерекшеліктерін ескере отырып, қылмыстық заңнаманы және оны қолдану практикасын жетілдіру, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтың жаңа ұғымын тұжырымдау;» – деп белгіленген (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674>).

«Қылмыстық құқық бұзушылық» институты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі (ҚРҚК) жаңа ұғым болып табылады. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманың 2-бөлімі «Қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталады, 10-38 баптар аралығын қамтиды (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>). Бұл бөлімде қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері, қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі; қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі; кінә институты; қылмыстық құқық бұзушылық сатылары; қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу институты;

іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлардың түрлері көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде «Қылмыстық құқық бұзушылық» деп аталатын жаңа ұғымның анықтамасы жоқ. Бірақ олардың түрлері ҚРҚК 10-бабында ажыратылып көрсетілген: «Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді» (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>).

Бұрынғы кеңестік жүйеде қылмыстың ұғымы алғаш рет 1919 жылы РСФСР-дың Қылмыстық құқық жөніндегі басшылық негіздерінде (5-бап): «Қылмыстық құқықпен қорғалатын қоғамдық қатынастар тәртібін бұзушылық қылмыс деп танылады» делінген. РСФСР-дың 1922 жылғы Қылмыс кодексінде «Қылмыс дегеніміз кез келген қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік» деген ұғыммен тұжырымдалады.

1924 жылы КСРО және одақтас республикалардың қылмыстық заңдарының негізгі бастамаларында қылмыс туралы ұғымға арнаған бап болған жоқ. 1926 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексінде «қылмыс дегеніміз қоғамға қауіпті іс-әрекет» деп көрсетіледі (1-бап). Бұл жерде кеңестік құрылысқа немесе құқық тәртібіне бағытталған әрекет немесе әрекетсіздік қоғамға қауіпті деп жарияланды. КСРО және одақтас республикалардың 1958 жылғы қылмыстық заңдардың негізінде «Қылмыстық заңда көзделген, оның саяси және экономикалық жүйелеріне, социалистік меншігіне, азаматтардың жеке басына, саяси, еңбек, мүліктік және басқа да құқықтары мен бостандықтарына қиянат жасайтын қоғамдық қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), сондай-ақ социалистік құқық тәртібіне қиянат жасайтын қылмыстық заңда көзделген қоғамдық қауіпті іс-әрекет қылмыс деп табылады» делінген. Дәл осындай анықтама бұрынғы Одаққа кірген барлық республикалардың, оның ішінде 1959 жылы 22 шілдеде қабылданған Қазақ КСР Қылмыстық кодексінде де (7-бап) берілді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі тұңғыш рет 1997 жылы жаңа Қылмыстық кодекс қабылданды. Осы Кодексте өмірімізде, қоғамда орын алған елеулі әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістерге сәйкес қылмыстың жаңа ұғымы берілген. Онда «жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамға қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады» делінген (9-бап). Осы анықтамадан қылмыстық құқыққа қайшылық,

қоғамға қауіптілік, кінәлілік, жазаланушылық қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері екендігі көрініп тұр.

Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымының жаңа анықтамасын қалыптастыруға әрекет жасалуда. Бұдан басқа, қылмыстық құқық бұзушылықты айқындауды заңнамалық бекітуге қатысты ұсынымдар беріледі. Зерттеудің мақсаты қазіргі қылмыстық заңнамаға сәйкес және шетелдік сот практикасын қолдана отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтың ерекшеліктерін талдау болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу тақырыбын әзірлеу кезінде жалпы ғылыми, тарихи-құқықтық, логикалық-семантикалық, компаративистік, статистикалық, сондай-ақ диалектикалық жолдар мен әдістер қолданылды. Зерттеудің арнайы әдістерінен басқа, жұмыста қылмыстық құқық бұзушылық институтын анықтайтын жеке әдістер де қолданылды. Қылмыс және қылмыстық теріс қылық белгіленген шетелдік үлгісін ғылыми негіздеу және ұтымды түсіндіру мақсатында ұлттық құқық жүйесінің де, шетелдік және халықаралық құқықтың да құқықтық көздерінің нормалары пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылаулар

«Қылмыс» институтына қатысты заң әдебиттерінде көптеген ғылыми зерттеулер мен тұжырымдар бар екені мәлім. Ал «қылмыстық теріс қылық» қазіргі жағдайда толыққанды зерттелмеген, қылмыстық құқық аясындағы жаңа ұғым болып табылады. Еліміздің қылмыстық заңнамасындағы қылмыстық теріс қылықтар институты туралы мәселе даулы мәселелердің бірі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері практикалық бағытқа ие және қолданыстағы ҚР ҚК нормаларын жетілдірумен байланысты құқық шығармашылық қызметте пайдаланылуы заман талабынан туындайтын заңшығармашылықтың нәтижесінде туындауы мүмкін екендігін атап кеткен жөн.

ҚРҚК қабылданғаннан кейін бірқатар нормаларды қылмыстық заңнамадан әкімшілік заңнамаға ауыстыру туралы мәселе жиі қойылды. Криминализация және декриминализация процессі орын ала бастады. Кейбір мамандардың пікірінше, бұл қылмыстық теріс қылықтарды әкімшілік құқық бұзушылықтар

мен қылмыстардан ажыратудың нақты критерийлерінің болмауына байланысты.

Қылмыстық теріс қылықтарды әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстардан ажырату үшін, ең алдымен, еліміздің заңнамасында белгіленген қылмыстық теріс қылықтың, әкімшілік құқық бұзушылықтың және қылмыстың анықтамаларына талдау жүргізу қажет.

ҚРҚК 10-бабының 3 бөлігіне сәйкес: «Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады» (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>). Бұл анықтамадан қылмыстық теріс қылықтың келесі белгілерін көрсетуге болады:

1) қылмыстық теріс қылық қоғамға үлкен қауіп төндірмейді;

2) қылмыстық теріс қылық жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтіреді;

3) қылмыстық теріс жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтіру қауіпін туғызады;

4) қылмыстық теріс қылық деп жасалған айыпты іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады;

5) қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталғандыққа әкеп соқпайтын айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жазалар көзделген.

Қылмыстық теріс қылықтың анықтамасында қоғамдық қауіптілік, кінәлілік және жазаланушылық белгілері көрсетілген. Қылмыстық заңмен тыйым салыну немесе құқыққа қайшылық белгісі белгіленбеген. Біздің пікірімізше «тыйым салыну» белгісі қылмыстық теріс қылық анықтамасында орын алуы қажет. Бірақ кейбір ғалымдардың пікірінше: «Қылмыстық құқыққа қайшылықтың міндетті белгісі болып осы заңда көрсетілген іс-әрекетті істеген жағдайда нақты нормада көрсетілген қылмыстық құқылық санкция белгілеген жазаның белгілі бір түрінің тағайындалуы болып табылады» (Ағыбаев 2018: 41).

2014 жылғы 5 шілдеде қабылданған Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің 25-бабының 1 бөлігінде әкімшілік құқық бұзушылықтың анықтамасы белгіленген. «Осы Кодексте сол үшін әкімшілік жауаптылық көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады» (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>). Бұл анықтамада жеке және заңды тұлғалардың әкімшілік жауаптылығы көрсетілген.

Қылмыстық заңнамада қылмыстық құқық бұзушылық қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай арнайы екі түрге бөлінсе, ал әкімшілік заңнамада әкімшілік құқық бұзушылық анықтамасы, оны жасайтын субъектілердің түрлеріне байланысты ажыратылған.

Жеке тұлға жасаған әкімшілік құқық бұзушылық келесі белгілерге ие болуы керек:

1) жеке тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады;

2) жеке тұлғаның кінәлі қасақана жасалған әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады;

3) жеке тұлғаның кінәлі абайсызда жасалған әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады;

4) бұл әрекет не әрекетсіздік үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Заңды тұлға жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтың мынадай белгілері болуға тиіс:

1) заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады;

2) бұл әрекет не әрекетсіздік үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген. Әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін талдай отырып, келесі ерекшеліктерді айқындауға болады. Жеке тұлғамен жасаған әкімшілік құқық бұзушылық екі белгімен, яғни құқыққа қайшылық және кінәлілікпен сипатталған. Ал заңды тұлға жасаған әкімшілік құқық бұзушылық тек бір ғана құқыққа қайшылық деген белгімен көрсетілген.

Қылмыс анықтамасына келетін болсақ, ҚРҚК 10-бабының 2 бөлігінде белгіленген: «Осы Кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым

салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады» (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>).

ҚРҚК-нің 10-бабының екінші бөлігінде қамтылған қылмыс ұғымының анықтамасында 4 міндетті белгі бар: қоғамға қауіптілік, қылмыстық заңға қайшылық, кінәлілік және жазаланушылық. Бірінші белгі қоғамға қауіптілік материалдық белгіге жатады, ал екінші қылмыстық заңға қайшылық, қылмыстың формальды белгісі. Үшінші және төртінші белгілер қылмыстық заңға қайшылық белгісімен тығыз байланысты және осы белгінің болуына немесе болмауына байланысты болып табылады. Егер қылмыстық заңға қайшылық белгісі анықталса, онда адам кінәлі болып, тиісті жазаланауға жатады деген қорытынды жасалады. Керісінше, егер адамның әлеуметтік қауіпті іс-әрекетті жасағаны үшін кінәсі анықталмаса, онда қылмыстық заңға қайшылық белгісі де жоқ.

Жалпы аталған төрт белгі қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілеріне жатады. Яғни бұл белгілер қылмыстарға және қылмыстық теріс қылықтарға да қатысты болуы қажет. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің тиісті баптарының диспозицияларында жекеленген қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары арнаулы көрсетілген. Қылмыстық құқықта қылмыстық құқық бұзушылықтың осы нақты құрамдарына қарсы іс-әрекет істеуді құқыққа қайшылық деп атау қалыптасқан.

Адамның қылмыстық құқылық норма тыйым салған іс-әрекеттерді істеуін қылмыстық құқыққа қайшылық деп атаймыз. Заң шығарушы ғана белгілі бір іс-әрекетті қылмыстық құқық бұзушылық қатарына жатқызуға мүмкіндік беретін оның мәнді белгілерін анықтайды. Іс-әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын белгілеген тиісті заңның жарияланған уақытынан бастап ондай іс-әрекеттер қылмыстық құқық бұзушылық қатарына жатады. Мұндай ретте мемлекет осындай іс-әрекеттермен қылмыстық құқылық норма арқылы күрес жүргізуге мүмкіндік алады. Керісінше, белгіленген тәртіппен күші жойылған қылмыстық-құқылық норма қылмыстық құқық бұзушылық қатарынан шығарылады. Ондай іс-әрекеттер қылмыстық құқық бұзушылық деп саналмайды. «Іс-әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығы – сол іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігінің субъективтік (заң шығарушылық деңгейіндегі) көрінісі» (Борчашвили 2015: 131).

Қылмыстық құқық бұзушылықтың, соның ішінде қылмыстың негізгі сапалық белгісі оның қоғамға қауіптілігі болып табылады. Бұл белгі қылмыстық құқық бұзушылықтың материалдық мәнін білдірумен бірге не себепті осы немесе басқадай іс-әрекеттер қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатынын түсіндіреді. Қоғамға қауіптілік белгісінің болуының өзі іс-әрекеттің қоғамдық қатынастарға зиян келтіруін немесе зиян келтіру қаупін туғызатынын білдіреді. Қоғамға қауіптілік – қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік белгісі. Ол заң шығарушының санасына және еркіне байланыссыз қоғамдық қатынастарға зиян келтіреді және өзінің ішкі мәні жөнінен қоғамның бір қалыпты өмір сүру шарттарына қайшы болады. Заң шығарушының міндеті сол кезеңде, дәуірде, қоғамның өмір сүру жағдайларын дұрыс бағалап, осыған байланысты іс-әрекеттің қайсысының қылмыстық құқық бұзушылық қатарына жататыны туралы шешім қабылдау болып табылады.

«Қылмыстық кодекстің 2-бабында қоғамға қауіптіліктің сипаттамасы қылмыстық заңда көзделген адам мен азаматтың құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке, табиғи ортаға т. б. қиянат жасап қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылық объектілерін тізбектеп көрсету арқылы берілген. Бірақ та қоғамға қауіптілік қылмыс қол сұғатын объектілерді көрсету арқылы ғана тұжырымдалмайды. Бұл – қылмыстың қоғамға қауіптілігін сипаттайтын мәнді жақтарының бірі ғана» (Ағыбаев 2015: 68).

Қылмыстық құқық ғылымы қоғамға қауіптіліктің сапалық және сандық жақтарын бөліп қарайды. Қылмыстық кодекстің 52-бабында жаза тағайындаудың жалпы негіздерін анықтай отырып, сот жазаны тағайындауда істелген қылмыстың сипатын және қоғамға қауіптілік дәрежесін есепке алу қажеттігін көрсетеді. «Мұның өзі қылмыстың сипатын қылмыстық сапалық, ал дәрежесін – сандық сипаттамасы деп түсінуді білдіреді.

Сипатына қарай қоғамға қауіптілік экономикалық және зорлық қылмыстары, қасақана және абайсыздық, жеке адамға, меншікке қарсы қылмыстар болып бөлінеді. Қоғамға қауіптілік сипаты қылмыстың объектісі бойынша анықталады» (Ағыбаев 2018: 42-43).

Қылмыстық теріс қылық та қылмыстан қоғамға қауіптілік дәрежесі арқылы ажыратылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың тағы бір белгісі кінә болып табылады. Заң қорғайтын

объектілерге әрекет немесе әрекетсіздік арқылы кінәлі түрде қасақаналық немесе абайсыздықпен қол сұғушылық танылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың жауапқа және жазаға тек қана қылмыстық құқық бұзушылық істегені үшін, яғни қылмыстық құқық бұзушылық үшін заңда көрсетілген, қоғамға қауіпті іс-әрекетті қасақана немесе абайсыздықпен істеген адам ғана тартылады. Кінәсіз қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық орын алмайды. Кінәнің нысандары қылмыстық заңда қасақаналық (тікелей немесе жанама), абайсыздық (менмендік немесе немқұрайдылық) болып белгіленген. «Кінә дегеніміз, қасақаналық немесе абайсыздықпен бейнеленетін адамның өз іс-әрекетіне және оның нәтижесіне деген психикалық қатынасы болып табылады» (Әпенев 2006: 137). Қылмыстық құқық бұзушылықтың зардабы қаншалықты ауыр болғанына қарамастан, егер оны істеген адамның іс-әрекетінде кінәнің белгілі бір түрі болмаса, ол қылмыстық жауапқа да, жазаға да тартылмайды. Кінәсіз қылмыстық құқық бұзушылық та, жаза да жоқ.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың төртінші міндетті белгілерінің бірі қылмыстық жолмен жазаланушылық болып табылады. Өйткені, қылмыстық құқық бұзушылық дегеннің өзі, қылмыстық заң жазамен қорқытып тыйым салған әрекет немесе әрекетсіздік болып табылады. Мұның өзі қылмыстық құқық бұзушылық құрамы туралы сипаттама басқадай құқылық актілерде емес, тек қылмыстық заңда ғана көрсетілетіндігін және осы іс-әрекет үшін қылмыстық заңның санкциясында жазалау қатері қарастырылатынын көрсетеді.

Шетелдік қылмыстық заңнаманы талдаудан құқыққа қайшылық және жазаланушылық белгілері көптеген шет елдердің қылмыстық заңнамасында көрініс тапқанын байқауға болады. Сонымен бірге, көптеген шет елдердің Қылмыстық кодексінде қылмыс ұғымының анықтамаларында қоғамдық қауіптілік пен кінәлілік белгілері жоқ.

Біздің еліміздің және бірқатар басқа елдердің Қылмыстық кодексінде қылмыстың міндетті белгісі ретінде қоғамға қауіптілік белгісін белгілеу оң сәт деп саналуы керек, егер бұл белгі болмаса адамды қылмыстық жауапкершілікке тарту сияқты маңызды мәселенің теріс жағынан, заңсыз қаралуына негіз болар еді.

Бірқатар шет елдердің қылмыстық заңнамасында (Швеция, Франция, Бельгия, Израиль және т.б.) қылмыс ұғымын анықтауда қо-

ғамға қауіптілік қылмыстың міндетті белгісі ретінде көрсетілмейді. Мысалы, 1962 жылғы Швецияның Қылмыстық кодексінің 1-бабында қылмыстың келесі анықтамасы берілген: «Қылмыс осы Кодексте немесе басқа заңда немесе статутта анықталған әрекет, ол үшін төменде көрсетілгендей жаза белгіленген» (<http://constitutions.ru>).

Француз қылмыстық құқығы барлық қылмыстық іс-әрекеттерді үш санатқа бөледі: қылмыстар, теріс қылықтар және бұзушылықтар. Қылмыстық әрекеттердің мұндай жіктелуі Франция Қылмыстық кодексінің 111-1-бабына сәйкес олардың ауырлығына байланысты (https://yurist-online.org/laws/foreign/criminalcode_fr/doc-5-.pdf) Франциядағы қылмыстық іс-әрекеттің мұндай жіктелуі 1810 жылы Наполеон кодексі кезінде заңмен бекітілген болатын. Тек 1992 жылғы Францияның Қылмыстық кодексі қылмыстық іс-әрекеттерді жіктеудің материалдық өлшемін, яғни іс-әрекеттің ауырлығын белгіледі.

Германияның қылмыстық кодексінде де барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар екі топқа бөлінген. Қылмыс пен теріс қылық анықтамасы Германияның Қылмыстық кодексінің §12 мазмұнында белгіленген. «Қылмыстар құқыққа қайшы іс-әрекеттер болып табылады, оларды жасағаны үшін ең төменгі жазаретінде бір жылдан және одан да көп мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген». «Теріс қылықтар – бұл құқыққа қайшы іс-әрекеттер, олар үшін ең аз жаза қысқа мерзімге бас бостандығынан айыру немесе ақшалай айыппұл болып табылады» (<https://avidreaders.ru/book/ugolovnyy-kodeks-federativnoy-respubliki-germanii.html>). Қылмыс пен теріс қылықтың анықтамасын талдай отырып, оларды ажыратудағы негізгі белгі – оларды жасағаны үшін Қылмыстық кодексте қарастырылған жазаның түрі мен мөлшері болып табылады. Қылмыс пен теріс қылықтың жалпы белгісі ретінде құқыққа қайшылық көрсетілген.

«Жоғарыда келтірілген анықтамалардың мазмұнынан қылмыс пен теріс қылық арасындағы айырмашылық өлшемі ретінде құқыққа қайшы іс-әрекеттің ауырлық дәрежесі емес, жазаның мөлшері мен түрі қолданылатындығы байқалады. Осыған қарамастан, неміс заң шығарушыларының бұл ұстанымымен келісу керек, өйткені «іс-әрекеттің ауырлық дәрежесін» саралау белгісі ретінде пайдалану бағалау белгісін қолдануға әкеледі, оның нәтижесі заң шығарушының идеясын әрдайым және толық көрсетпейді, бірақ іс жүзінде санкцияның түрі

мен мөлшерін заңнамалық түрде білдіреді» (Апенев <https://articlekz.com/article/18672>).

Белгілі заңгерлердің бірі С.М. Апеневтың қылмыстық теріс қылық анықтамасын орында деп санауға болады: «Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, заңды қорғалатын мүдделерге болмашы зиян келтірген, жасағаны үшін кінәлі адамды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) танылады» (Апенев <https://articlekz.com/article/18672>).

Қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің ішіндегі «қоғамға қауіптілік» күрмеуі қалың мәселелердің бірі болып табылады. Қоғамға қауіптілік белгісі қылмысты, қылмыстық теріс қылықтардан және әкімшілік құқық бұзушылықтардан ажырату үшін маңызды. Өйткені қылмыс ең алдымен қоғамға қауіпті іс-әрекет. Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға үлкен қауіп төндірмейтін және болмашы зиян келтіретін не осындай зиян келтіру қаупін туғызатын іс-әрекет танылады. Әкімшілік теріс қылық ретінде, қоғамға қауіптілік белгісі жоқ іс-әрекет деп танылады.

Осылайша, қылмыс, қылмыстық теріс қылық және әкімшілік құқық бұзушылық бір-бірінен, ең алдымен, қоғамға қауіптілік деген белгімен ажыратылады. Іс-әрекетте қоғамға қауіптілік белгісінің болуын немесе болмауын анықтаудың қиындығы қоғамға қауіптілік ұғымының өзі бағалау ұғымдарына жататындығымен байланысты.

«Қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілігінің сипатын белгілеудің тәжірибелік маңызы зор. Бұл заң шығару қызметінде, оның ішінде іс-әрекетті қылмыстық құқық бұзушылық деп тану үшін маңызды.

Іс-әрекетте қоғамдық қауіптілік белгісін белгілеуді жеңілдету үшін қолданыстағы Қылмыстық кодекс баптардың белгілі бір бөлігіне қатысты көбінесе формальды белгіні – қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянның, алынған кірістің мөлшерін қолданады. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтарды бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік береді» (Рахметов <https://bestprofi.com/document/2407473984>).

«Қоғамға қауіптілік дәрежесі туралы айта отырып, заң шығарушы қоғамға қауіптіліктің сипатын ескермейді. Егер дәреже қылмыстық құқық бұзушылықтың сандық көрсеткіші болса, онда сипат сапалық көрсеткіш болып табылады. Қоғамға қауіптіліктің сипаты – бұл бір

қылмыстық құқық бұзушылықты екіншісінен ажырататын белгі, ал қоғамға қауіптіліктің дәрежесі – оны неғұрлым ауыр немесе ауыр емес деп тануға негіз болады. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстармен салыстырғанда қоғамға қауіптілігінің төмен екендігімен түсіндіріледі, ал егер олар аяқталмай қалатын жағдайда, қоғамдық қауіптілік деңгейі типті қосымша азаяды» (Саламатов https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35091565).

Іс-әрекеттің қоғамға қауіпті және қылмыс қатарына жатқызуға мүмкіндік беретін зардаптың сипаттамасын заң шығарушы әр түрлі етіп бейнелеуі мүмкін. Кейбір реттерде қылмыстың зардабы қылмыстық заңның өзінде дәлме-дәл көрсетіледі. Мысалы, денеге жарақат салу, материалдық залал келтіру, ауыр зардаптың болуы т. б. Мұндай жағдайларда зардаптың осы көрсетілген мөлшерін анықтау нақты жағдайларда орындалған фактіге байланысты шешіледі. Қылмыстың қоғамға қауіптілігі қылмыстық ниет және мақсат сияқты оның белгілеріне де байланысты. Кейбір реттерде қоғамға қауіптілік іс-әрекетті істеген адамның ерекшелігіне де байланысты анықталады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесі қылмыстық заңда көрсетілген санкция бойынша да анықталады. Мәні жөнінен екі қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтау, сол қылмыста берілген белгіленген санкцияларды салыстыру қажет. Ауыр жаза белгіленген қылмыстық құқық бұзушылық түрінің қоғамға қауіптілігі дәрежесі де жоғары болып табылады.

«Осылайша, қылмыстық құқық бұзушылықтарды әкімшілік құқық бұзушылықтармен қылмыстардан ажырататын негізгі белгі – қоғамға қауіптілік. Оның заң шығару қызметінде болуын анықтау біздің еліміздің жоғары заң шығарушы органына байланысты. Қылмыстың қоғамға қауіптілігінің сипатын заң шығарушы оны қылмыстық-құқықтық норманың санкциясында, жазалардың түрлерінде, мөлшерінде немесе шегінде көрсете отырып анықтайды» (Антонян 2005: 45).

Қылмыстық заңнама бойынша әртүрлі қылмыстық құқық бұзушылықтар қылмыстық теріс қылық санатына жататынын атап өткен жөн. Олардың кейбіреулері сипаты бойынша тек қылмыстық теріс қылық болып табылса, ал басқалары қоғамға қауіптілік дәрежесі бойынша қылмыстық теріс қылық және қылмыс деп танылуы мүмкін. Қылмыстық

теріс қылық нысанындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарға мыналар жатады: Аффект жағдайында денсаулыққа зиян келтіру (111-бап), Қорқыту (115-бап), Қорлау (131-бап), Бала асырап алу құпиясын жария ету (138-бап), Кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімді жасауға тарту (144-бап,) Ұсақ-түйек жымқыру (187-бап) және т.б. Қылмыстық теріс қылықтар ҚРҚК «Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар» деп аталатын 4-тарауынан басқа тараулардың барлығында көрініс тапқан.

Қылмыстық заңнамаға сәйкес, қылмыстық теріс қылық және қылмыс болып табылатын қылмыстық құқық бұзушылықтарда бар. Оларға: Қауіпті жағдайда қалдыру (119-бар), Бала асырап алу жөніндегі заңсыз әрекет (137-бар), Тұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұзу (149-бап) және т.б. Көрсетілген баптардың бірінші бөлігі қылмыстық теріс қылық болып табылса, сараланған бөліктерінің санкциялары бас бостандығынан шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазаларын белгілеп, оларды қылмыс қатарына жатқызады.

Қорытынды

Біріншіден, қылмыстық теріс қылық адамның қоғамға зор қауіп төндірмейтін, құқыққа қайшы мінез-құлқы болып табылады, ашып айқындайтын болсақ, кішігірім қоғамға қауіптілік белгілері бар әс әрекеттерді жатқызамыз. Әкімшілік құқық бұзушылық мұндай белгіге ие емес. Яғни, әкімшілік құқық бұзушылық – бұл заңды немесе жеке тұлғаның қоғамға қауіпті емес құқыққа қайшы әрекеті немесе әрекетсіздігі болып табылады.

Екіншіден, қылмыстық теріс қылық ретінде адаммен жасалған кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) танылады. Жеке тұлға әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде осы белгіні анықтау (әкімшілік теріс қылықты қасақана немесе абайсызда жасау) міндетті болып табылады, ал заңды тұлға әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде бұл белгіні анықтау талап етілмейді, яғни заңды тұлғаның құқыққа қарсы, бірақ кінәсіз әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік теріс қылық деп танылуы мүмкін.

Үшіншіден, жеке тұлға ғана қылмыстық теріс қылықтың субъектісі бола алады, ал әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісі ретінде жеке тұлға да, заңды тұлға да бола алады.

Төртіншіден, қылмыстық теріс қылық аз болмашы зиян келтіреді не жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін тудырады. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін бұл белгі міндетті емес, яғни ол жасалған кезде жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке шамалы зиян келтіруі мүмкін, бірақ бұл міндетті белгі болып табылмайды.

Қылмыстық теріс қылық қылмыстан мынадай белгілері бойынша ерекшеленеді:

- қоғамдық қауіптілік белгісі бойынша. Қылмыс қылмыстық теріс қылықтан айырмашылығы – қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), қылмыстық теріс қылық – қоғамға үлкен қауіп төндірмейтін іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

- қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін, қылмыспен салыстырған кезде жазаның анағұрлым қатаң емес түрлері көзделеді;

- қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін жаза қолдану соттылық атағына әкеп соқпайды.

Әдебиеттер

Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – 768 б.

Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: оқу құралы / А.Н. Ағыбаев. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 282 б.

Антонян Ю. М. Понятие преступности, ее вечность // Преступность общество: Сборник научных трудов. – М.: ВНИИ МВД России, 2005. – С.45-56.

Апенев С.М. Особенности уголовного проступка по уголовному законодательству Республики Казахстан (в сравнении с зарубежной законодательной практикой) // <https://articlekz.com/article/18672>

Әпенев С.М. Қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері. Оқулық. – Алматы, 2016. – 332 б.

Бекмагамбетов А.Б. А. Б., Ревин В. П., Ревина В. В. Уголовное право Республики Казахстан. Особенная часть: Учебник. 2-ое изд., перераб. и доп./ Под ред. доктора юридических наук., профессора, Заслуженного деятеля науки Российской Федерации Ревина В.П.– М.: Издательский дом Академии Естествознания, 2017.–396 с

Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (том 1). – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – 500 с.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасы // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674>

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

Рахметов С.М. Уголовный проступок, его отличие от преступления и административного проступка // <https://bestprofi.com/document/2407473984>

Саламатов Е.А. Аспекты совершенствования Общей части Уголовного кодекса Республики Казахстан // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35091565

Уголовный кодекс Федеративной Республики Германии <https://avidreaders.ru/book/ugolovnyy-kodeks-federativnoy-respubliki-germanii.html>

Уголовный кодекс Франции // https://yurist-online.org/laws/foreign/criminalcode_fr/_doc-5-.pdf

Уголовный кодекс Швеции. Российский правовой портал: Библиотека Пашкова // <http://constitutions.ru>.

Уголовное право в 2 т. Том 1. Общая часть : учебник для академического бакалавриата / А.В. Наумов [и др.] ; ответственные редакторы А. В. Наумов, А. Г. Кибальник. – 5-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2019. – 410 с. – (Бакалавр. Академический курс). – ISBN 978-5-534-04853-7. – Текст : электронный // Образовательная платформа Юрайт [сайт]. – URL: <https://urait.ru/bcode/437789>

References

Agybaev A.N. (2015) Kazakhstan Republikasynyn Kylmystyk codexine tusindirme. Zhalpi zhane Yerekshe bolikter [Explanation of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. General and special parts]. – Almaty: Zheti zhargy. – 768 b.

Agybaev A.N. (2018) Kylmystyk kykyk. Zhalpa bolim: oku kuraly [Criminal Law. General part: textbook] / A.N. Agybaev. – 2-bass. – Almaty: Kazakh University. – 282 p.

Antonyan Yu. M. (2005) Ponjatie prestupnosti, ee vechnost' [The importance of integrity, its eternity] // Prestupnost' obshchestvo: Sbornik nauchnyh trudov. [Crime society: Collection of scientific papers]. – М.: Research Institute of the Ministry of Internal Affairs of Russia. – pp.45-56.

Apenov S.M. Osobennosti ugolovnogogo prostupka po ugolovnomu zakonodatel'stvu respubliky Kazahstan (v sravnenii s zarubezhnoj zakonodatel'noj praktikoj) [Features of criminal misconduct under the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan (in comparison with foreign legislative practice)] // <https://articlekz.com/article/18672>

Apenov S.M. (2016) Kylmysty qualificationlaudyn gylm negizderi. Okulyk [Scientific foundations of Criminal qualification. Textbook]. – Almaty. – 332 p.

Borchashvili I.S. (2015) Kommentarij k Ugolovnomu kodeksu Respubliki Kazahstan. Obshhaja chast' (tom 1) [Commentary on the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. General part (volume 1)]. – Almaty: Zheti zhargy. – 500 p.

Bekmagambetov A.B. A. B., Revin V. P., Revina V. V. Ugolovnoe pravo Respubliki Kazahstan. Ocobennaja chast'. Uchebnik. 2-oe izd., pererab. i dop. [Criminal law of the Republic of Kazakhstan. The special part. Textbook. 2nd ed., reprint. and additional] / Pod red. doktora juridicheskikh nauk., professora, Zasluzhenного dejatel'ja nauki Rossijskoj Federacii Revina V.P. [Edited by Doctor of Law, Professor, Honored Scientist of the Russian Federation Revin V.P.]. – М.: Izdatel'skij dom Akademii Estestvoznaniya, 2017. – 396 s

Kazakhstan Republikasy Presidentin 2021 zhylygy 15 kazandagi No. 674 Zharlygymen bekitilgen Kazakhstan Republikasyn 2030 zhylyga deyingi kukykytk sayasatynyn tuzhyrymdamasy [Kazakhstan Republikasy Presidentin 2021 zhylygy 15 kazandagi No. 674 Zharlygymen bekitilgen Kazakhstan Republikasyn 2030 zhylyga deyingi kukykytk sayasatynyn tuzhyrymdamasy] // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674>

Kazakhstan Republikasyn Kylmystyk codexi Kazakhstan Republikasyn Codexi 2014 zhylygy 3 shildedegi No. 226-V KRZ. [Kazakhstan Republikasyn Kylmystyk codexi Kazakhstan Republikasyn Codexi 2014 zhylygy 3 shildedegi No. 226-V KRZ.] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

Rakhmetov S.M. Ugolovnyj prostupok, ego otlichie ot prestuplenija i administrativnogogo prostupka [Criminal offense, its difference from crime and administrative offense] // <https://bestprofi.com/document/2407473984>

Salamatov E.A. Aspekty sovershenstvovaniya Obshhej chasti Ugolovnogogo kodeksa Respubliki Kazahstan [Aspects of improving the General part of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan] // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35091565

Ugolovnyj kodeks Federativnoj Respubliki Germanii [Criminal Code of the Federal Republic of Germany] <https://avidreaders.ru/book/ugolovnyy-kodeks-federativnoy-respubliki-germanii.html>

Ugolovnyj kodeks Francii [The Criminal Code of France] // https://yurist-online.org/laws/foreign/criminalcode_fr/_doc-5-.pdf

Ugolovnyj kodeks Shvecii. Rossijskij pravovoj portal: Biblioteka Pashkova [The Swedish Criminal Code. Russian legal portal: Pashkov Library] // <http://constitutions.ru>.

Ugolovnoe pravo v 2 t. Tom 1. Obshhaja chast' : uchebnik dlja akademicheskogo bakalavriata / A. V. Naumov [i dr.] ; otvetstvennye redaktory A. V. Naumov, A. G. Kibal'nik [Criminal law in 2 vols. Volume 1. General part: textbook for academic baccalaureate / A.V. Naumov [et al.] ; responsible editors A.V. Naumov, A. G. Kibalnik] – 5-е изд., перераб. и доп. – Москва : Издатel'stvo Jurajt, 2019. – 410 с. – (Бакалавр. Академический курс). – ISBN 978-5-534-04853-7. – Текст : электронный // Образовательная платформа Юрайт [сайт]. – URL: <https://urait.ru/bcode/437789>